

ӘОЖ 339.5(262+292.61)

К.Н. Макашева, А.О. Каримсаков*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: asyl23@mail.ru

Еуропалық Одақтың Оңтүстік Жерорта теңізі аймағымен сауда қатынастары

Сауда қатынастарын дамыту еуро-жерортатеңіздік әріптестіктің маңызды құрамдас бөлігі болып саналды. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – сауданы либерализациялау және еркін сауда аймағын құру арқылы аймақтық интеграцияны тереңдету. ЕО экономикалық өсуге ынталандыруда, өмір сүру деңгейін және жан басына шаққандағы кірісті жоғарылатуда сауданың рөлін аса маңызды орынға қояды. 40 жылдан бері сауда саласы ЕО-ның ортақ саясатының әлдеқайда интеграцияланған құралы болып табылады. Қазіргі кезде ЕО-ның сауда саясаты ЕО-ны құру жөніндегі келісімшарттың 131, 134-баптарына негізделген. Оның негізгі мақсаты – халықаралық саудада шектеулерді прогрессивті түрде алып тастау және кедендік тарифтерді төмендету.

ЕО Оңтүстік Жерорта теңізі елдеріне қатысты өзінің ортақ саясатын, соның ішінде сауда саясатын 70-жылдары қалыптастырған болатын, сол кездері ЕО-ның аталған елдермен алғашқы әріптестік және сауда келісімдеріне қол қойылды. ЕО-ның оңтүстіктегі әріптестермен ассоциация жөніндегі барлық келісімшарттары 12 жылдық ауыспалы кезең ішінде еуро-жерортатеңіздік еркін сауда аймағын құруды қарастырды. Сонымен қатар ЕО-дан шығатын өндірістік өнімдер экспортына қойылатын кедендік салықтарды біртіндеп алып тастау, оған жауап ретінде ЕО нарығына дайын өнімдермен еркін кіру мүмкіндігі де қолға алынды. ЕО Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінің негізгі сауда әріптесі болып табылады, алайда екі аймақ арасындағы сауда қатынастары үйлесімсіз және арасалмақтық сақталмай келеді.

Түйін сөздер: еуро-жерортатеңіздік әріптестік, сауданы либерализациялау, еркін сауда аймағын құру, халықаралық саудада шектеулерді алып тастау, кедендік тарифтерді төмендету, ассоциация жөніндегі келісімшарт.

K.N. Makasheva, A.O. Karimsakov

Trade relations between the European Union and the Southern Mediterranean region

Development of trade relations is a major component of the Euro-Mediterranean cooperation EU aimed at deepening regional integration through trade liberalization and the creation of a free trade zone. Trade plays a primary role in stimulating economic growth, improving living standards and per capita income and therefore reducing migration because there is a clear link between migration and quality of life. Trade plays a primary role in stimulating economic growth, improving living standards and per capita income and therefore reducing migration because there is a clear link between migration and quality of life. For forty years, trade is the oldest and most successful integrated EU policy tool. Currently the trade policy of the EU is based on Art. 131-134 of the Treaty establishing of the EU. Its main goals are the progressive abolition of restrictions on international trade and the lowering of customs tariffs.

EU formulated its overall policy towards the southern Mediterranean countries, including trade, back in the 70-s., but then signed the first partnership and trade agreements with these countries. All EU Association Agreements with the southern partners, being the basis for the development of trade relations, called for the creation of the Euro-Mediterranean free trade area over a transitional period of 12 years, as well as the progressive abolition of customs duties on EU exports of industrial products in exchange for already provided free access of finished products to EU markets. The EU is the main trading partner of the South Mediterranean countries, but trade between the two regions continues to be asymmetric, static and imbalanced.

Key words: Euro-Mediterranean cooperation, trade liberalization, creation of a free trade zone, abolition of restrictions on international trade, lowering of customs tariffs, Association Agreements.

К.Н. Макашева, А.О. Каримсаков
**Торговые отношения Европейского Союза
с Южно-Средиземноморским регионом**

Основным компонентом евро-средиземноморского сотрудничества ЕС является развитие торговых отношений, нацеленных на углубление региональной интеграции с помощью либерализации торговли и создания зоны свободной торговли. Европейский Союз отводит торговле первостепенную роль в стимулировании экономического роста, повышении уровня жизни и дохода на душу населения и в связи с этим уменьшении миграции, поскольку существует очевидная связь между миграцией населения и уровнем жизни. В течение сорока лет торговля является старым и наиболее успешно интегрированным инструментом общей политики ЕС. В настоящее время торговая политика Евросоюза базируется на ст. 131-134 договора о создании ЕС. Ее основными целями является прогрессивная отмена ограничений в международной торговле и снижение таможенных тарифов.

ЕС сформулировал свою общую политику в отношении стран Южного Средиземноморья, в том числе и торговую, еще в 70-е гг., тогда же были подписаны первые соглашения о партнерстве и торговле ЕС с этими странами. Все соглашения об ассоциации ЕС с южными партнерами предусматривали создание Евро-средиземноморской зоны свободной торговли в течение переходного периода в 12 лет, а также постепенную отмену таможенных пошлин на экспорт из ЕС промышленной продукции в обмен на уже предоставленный свободный доступ готовой продукции на рынки ЕС. ЕС является основным торговым партнером южно-средиземноморских стран, но торговля между двумя регионами продолжает оставаться асимметричной, статичной и несбалансированной.

Ключевые слова: евро-средиземноморское сотрудничество, либерализация торговли, создание зоны свободной торговли, отмена ограничений в международной торговле, снижение таможенных тарифов, соглашение об ассоциации.

ЕО Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінің негізгі сауда әріптесі болып табылады, алайда екі аймақ арасындағы сауда қатынастары үйлесімсіз және арасалмақтық сақталмай келеді. 2002 жылы Оңтүстік Жерорта теңізі елдері саудасының 40%-ынан астамы ЕО-ға тиісті болса, ЕО саудасының 7%-ы ғана осы аймаққа қатысты болды. 1995 жылдан бастап 2004 жылды қоса алғанда жерортатеңіздік елдердің ЕО-ға жасалған экспорт көлемі екі есеге артқан, ал импорт көлемі 60%-ға өскен.

2007 жылы 10 жерортатеңіздік елге ЕО экспортының 9,7%-ы, ал импортының 7,5%-ы тура келді. Ал 2001-2007 жылдар аралығында осы елдердің сауда айналымдарының 50%-ы ЕО-мен болған, оның ішінде Мағриб елдерінің үлесі аталған сауда айналымының 2/3 бөлігін құраған [1].

Барселона үрдісі жерортатеңіздік елдердің ЕО-мен саудасына жақсы әсер етті, олардың арасындағы тауар айналымы өсіп отырды. 1995-2005 жылдар аралығында ЕО-ның Оңтүстік Жерорта теңізі елдеріне бағытталған экспорт көлемі екі есеге көбейген, олардың ЕО-мен сауда тапшылығы 90-жылдардағы 20%-дан 2000 жылдардағы 7%-ға дейін түскен [2]. Алайда ЕО-ның оңтүстікке қарай кенеюіне дайындығы 1992-

2001 жылдар аралығында Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінің экспорттарының өсуіне ықпал етті, олардың ЕО нарығындағы экспорттарының үлесі 10%-ға төмендеді. Жалпы алғанда 1996-2006 жылдар аралығында ЕО-ның Оңтүстік Жерорта теңізі елдеріне бағытталған экспортының өсуі жылына 8%-ды құраған. Аталған елдерден келетін ЕО-ның импорты осы кезеңде 7%-ды, басқа елдерден 13%-ды көрсеткен. Бұған себеп ретінде әр елдегі кедендік тарифтердің алып тасталуы әр уақытта болғандығы және ЕО нарығына кірудің преференциалды талаптарының өзгеріссіз қалуы болып табылады.

Кейбір есептеулер бойынша, ЕО-ның Жерорта теңізі елдерімен сауда қатынастарындағы тарифтік емес шектеулері кедендік тарифтің шамамен 10%-ына тең келеді және екі аймақтың сауда қатынастарының дамуына айтарлықтай кедергі болып табылады [3]. ЕО-дан келетін импортқа қойылатын кедендік салықтардың толық алынып тасталуы бұл елдердегі кірістер көлемін айтарлықтай азайтады екен. Мысалы, Тунис үшін кедендік тарифті алып тастау ЖІӨ-нің 2,4%-ын жоғалтады екен. Мұндай шығындардың орнын толтыру үшін бұл елдер салықтардан түсетін ішкі кірістерін көбейту қажет, ал онсыз

да тұрақсыз болып тұрған араб елдерінде үкімет тарапынан бұл әрекеттерге бару өте қиын.

Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінен аграрлық экспортқа қатысты тарифтік емес шектеулерді қолдану ЕО-ның ескі тәжірибесі болып табылады. Бұл ауылшаруашылығы өнімдерінің саудасын либерализациялауға қайшы әрекет. Тунис, Египет ауылшаруашылығы өнімдері көкөніс, жеміс-жидектер, сүт өнімдері, ет, мақтадан жасалған бұйымдар бойынша ЕО елдерімен бәсекеге түсе алады. Бірақ бұл тауарлардың бір бөлігі ғана төмендетілген салық бойынша кіре алады. Олардың басым бөлігі көлемдік шектеулерге түседі.

Қызмет көрсету саласы Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінің экономикасының негізгі салалары болып саналады. Мысалы, Египеттің ЖІӨ-нің 50%-ы осы салаға тиісті, ал Тунисте бұл көрсеткіш 60%-ды құрайды [4]. Қызмет көрсету саласындағы сауданы либерализациялау еуро-жерортатеңіздік еркін сауда аймағын құру үрдісінде талқыланған. Қызмет көрсету саласындағы сауда жөніндегі келіссөздер 2006 жылдан бастап жүргізіліп келеді, 2008 жылдан ЕО бұл елдермен екіжақты келіссөздер жүргізе бастады. 2003-2007 жылдар аралығында ЕО-ның Оңтүстік Жерорта теңізі елдеріне қызмет көрсету экспорты 1,5 есеге өскен, алайда бұл жоғары көрсеткіш болып табылмайды, бұл осы саладағы жалпы экспорттың 1%-ын құрайды [5]. Қызмет көрсету саласындағы сауданың жағдайы жақсарғанда бұл салаға еуропалық инвестициялар тартылуы мүмкін. Көптеген сарапшылардың болжамы бойынша, бұл саланың либерализациялануының нәтижесінде коммуникациялық технологиялар, туризм, транспорт, құрылыс, білім беру, денсаулық сақтау салаларының дамуы әлдеқайда тез қарқын алады.

ЕО-ның Оңтүстік Жерорта теңізі елдеріне бағытталатын экспорттың негізгі құрамы өндірістік өнімдер тұрады. 2000-2009 жылдар аралығында бүкіл экспорт көлемінің 45%-ын құраған. Бұл тауарларға, негізінен, машиналар және транспорттық құрылғылар және химиялық өнімдер жатады. Ал осы елдерден ЕО-ға келетін импорттың негізгі құрамы көмірсутектік және минералды шикізаттар болып табылады. Оңтүстік Жерорта теңізінің негізгі сауда әріптестері – Франция, Германия, Италия, Испания және Грекия. Тунис Еуропаға, негізінен, текстиль және киім-кешек экспорттаса, Ливия және Египет экспортын мұнай, мұнай өнімдері және газ құрайды.

Еуро-жерортатеңіздік әріптестіктің негізгі мақсаттарының бірі 2010 жылға қарай еркін сауда аймағын құру еді. Бұл идеяның жүзеге асуы ЕО және оңтүстіктегі көршілес елдермен аймақтық интеграциясының жандануына, Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінің ЕО-мен саудасындағы үлесін жоғарылатуға алып келу керек болды. Еркін сауда аймағы жерортатеңіздік елдердің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуші, кедейшілік деңгейін төмендетуге, жұмыс орындарының көбеюіне және аймақ ішіндегі ынтымақтастық пен сауданы ынтыландыруға септігін тигізуші еді. Бұл жобада бірыңғай еуро-жерортатеңіздік тауардың шығарылу жерінің қағидасын енгізу қарастырылды, бірақ тек қана өндірістік тауарлар саудасын либерализациялаумен шектелді.

Екі аймақ арасындағы еркін сауда аймағының құрылуы Оңтүстік-Оңтүстік өлшемін нығайтып жүзеге асуы мүмкін емес. 1989 жылы Оңтүстік Жерорта теңізінде алғашқы аймақтық одақ – Араб Магрибы одағы құрылған еді. Оның мақсаты экономикалық интеграцияны және ішкі сауданы нығайту болды. Алайда сауда саласындағы нәтижелер жоғары болмады, 2009 жылы одақ ішіндегі сауда тек 3%-ды құрады [6]. Еркін сауда аймағын құрудағы маңызды қадам Агадирдегі Тунис, Марокко, Иордания және Египет қол қойған еркін сауда жөніндегі келісім болды. Ол 2006 жылы іске қосылған еді. 2015 жылға қарай бұл келісімге 18 араб мемлекеті қосылу керек. 2005 жылы тағы бір аймақтық ұйым – Үлкен араб еркін сауда аймағы (GAFTA) құрылды. Бұл ұйымның құрылуы барысында болашақта Магриб және Таяу Шығыс елдерін біріктіреді деген үміт артылды және Агадирлік келісімді ауыстырады деген мүмкіндік айтылды. Алайда қазірше тек қана Тунис, Марокко және Египет арасында екіжақты келісімдерге қол қойылған.

2010 жылға қарай Еркін сауда аймағы жобасын іске асыру үшін «Жол картасы» жоспары құрылды [7]. Жыл сайын экономика және қаржы министрлерінің және сауда министрлерінің кездесулері жүргізілетін болды, 2009 жылы желтоқсан айындағы кездесуде еуро-жерортатеңіздік аймақ үшін преференциалды қағидалар жөніндегі аймақтық конвенция мақұлданды. Бұл конвенция бұрынғы тауардың шығу жері жөніндегі екіжақты хаттамалар жүйесін ауыстыру керек болды. Конференцияда аграрлық және балық өнімдерін әрі қарай либерализациялау жөнінде Египетпен келісімшарттарға қол қойылғандығы атап өтілді. Сауда министрлері 2010 жылы

қызмет көрсету саласын либерализациялау жөніндегі Египет, Туниспен келіссөздерді аяқтауды ұсынды.

«Жол картасын» жүзеге асырудың негізгі кезеңдері келесідей:

– Ассоциация жөніндегі келісімдерге сәйкес өндірістік өнімдер саудасын либерализациялау. Қазірше тек қана Тунис ЕО-мен өндірістік тауарлар саудасы үшін кедендік салықтарды түгелдей алып тастады. Қалған елдер бұл салықтарды 2017 жылға дейін алып тастауды көздеп отыр.

– Ауылшаруашылығы өнімдерін біртіндеп либерализациялау. Бұл саладағы келісімдерге Египет және Мароккомен қол қойылған.

– Қызмет көрсету салаласын либерализациялау. 2004 жылы Стамбулда өткен конференцияда осы саладағы келісімдерге қол қою жөніндегі келіссөздер жүргізіле бастады. Қазіргі кезде Египет, Тунис және Мароккомен жүргізілуде.

– Өнеркәсіп үшін еуро-жерортатеңіздік Хартиясы. Бұл хартия жеке меншік саласын дамытуды ынталандыруға және Оңтүстік Жерорта теңізі елдерінде кәсіпкерлік жағдайды жақсартуға бағытталған.

– Оңтүстік-Оңтүстік интеграциясы. 2006 жылы іске қосылған Агадирлік келісімді жүзеге асыру.

– Тауарлардың кумулятивті қағидалары жөніндегі еуро-жерортатеңіздік хаттаманы іске асыру.

– Стандарттар, техникалық заңнамаларды сәйкестендіру. Бұл бағыттағы келіссөздер талқылау үрдісінде жүргізіліп келеді және әрекеттер жоспарларында ескерілуде, алайда бұл үрдіс баяу жүріп келеді және дифференциалды тәсілге негізделген.

Еуро-жерортатеңіздік Еркін сауда аймағы жобасын жүзеге асыруда және екі аймақтың сауда қатынастарын жандандыруда ЕО MEDA бағдарламасы аясында екіжақты және көпжақты деңгейде бірқатар бағдарламалар жасап шығарды. Олар кейінірек жаңа көршілестік саясат және Жерорта теңізі үшін Одақтың аймақтық жобаларымен толықтырылды. Екіжақты бағдарламалардан Египет пен Туниске арналған бағдарламаларды атап өтуге болады. Египетке арналған сауданы жоғарылату бағдарламасына (TEP) 66 млн еуро бөлінген, бұл қаражат Египеттің сыртқы сауда министрлігіне жіберілді. Ал ЕО бағыты бойынша техникалық көмек көрсетілді және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Бұған қоса ЕО «Египеттің өндірістік бизнесіне қолдау көрсету» бағдарламасы арқылы

Египеттің экспорттық мүмкіндіктерін дамытуға қолдау көрсетіп келеді. Бұл бағытқа 1,6 млн еуро көлемінде қаражат бөлінген. Тунисте шетелдік инвестицияларға қолдау көрсету агенттігі бағдарламаларында 300 еуропалық фирма қатысады. Сауданы жандандыруға бағытталған жобаның құны 4 млн еуроны құрған [8].

Аймақтық деңгейде MEDA сыртқы сауданы және бизнес-орталықтар арқылы кіші және орта кәсіпорындарға қолдау көрсетуді ынталандыру бойынша бірқатар жобаларды қаржыландырды. Олардың қаржыландыру көлемі Тунисте – 450 млн еуро, Египетте – 250 млн еуроны құраған. MEDA бизнес-орталықтары әріптес-елдерге техникалық көмектеседі, мамандарды дайындауды жүргізеді, экспорттың дамуын ынталандырады, кәсіпкерлер ассоциациясына қолдау көрсетеді.

«Жол картасынан» көріп отырғанымыздай, 2010 жылға жоспарланған еркін сауда аймағын құру мерзімдері ЕО жоспарларынан әлі де алшақ. Алға жылжулар бар, бірақ олар қазіргі кезде айтарлықтай көлемде емес. Еркін сауда аймағын құрудың негізгі кедергілері аймақтық және субаймақтық интеграцияның баяу жүруінде, Араб Мағрибы, Агадирлік келісім, Үлкен араб сауда аймағы сияқты аймақтық жобалар қызметінің нәтижесіздігі, аймақ ішіндегі интеграциялық үрдістерді реттейтін институттардың жоқтығы, екіжақты және көпжақты форматтағы қатынастарды қаржыландырудың жеткіліксіздігі болып табылады. Бұған қоса ЕО-ның жерортатеңіздік саясатындағы өзара байланысты, мақсаттары біркелкі саналатын бірнеше бастамалардың жұмыстарын келтіруге болады. Бұл бастамалар нақты үйлесімдерді қажет етеді, өйткені ЕО жобаларының жүзеге асу үрдістерін қиындатып отыр.

Еркін сауда аймағын құру үшін мүше-елдер арасындағы еркін сауда жөніндегі бірыңғай келісімдер жүйесі және стандарттар мен заңнамалардың сәйкестігі қажет деп есептелінеді. Еркін сауда аймағы жөніндегі келісімшарт преференциалды сауда жөніндегі келісімдер категорияларына жатады және кедендік одақ, ортақ нарық сияқты әлдеқайда интеграцияланған экономикалық қатынастарға жасаған қадам болып саналды. Алайда еуро-жерортатеңіздік еркін сауда аймағына тән нәрсе – оңтүстіктегі жерортатеңіздік елдердің көпшілігі еркін сауда жөніндегі келісімдерге қол қою бойынша келіссөздердің әртүрлі кезеңінде жүргендігі. Олардың тек қана төртеуі соңғы кезеңіне жақындады.

Ауылшаруашылық өнімдері және қызмет көрсету саласындағы сауданы либерализациялау жөніндегі келіссөздер де алғашқы кезеңінде тұр. Сондықтан терең интеграцияны және сау-

да стандарттарының үйлесімділігін қамтамасыз ететін ЕО-ның қарастырып отырған бұл жобасы жоспарланған уақыттан біршама кейінге қалып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Trade policy of the European Union // <http://www.eubusiness.com/topics/trade/eu-mediterranean-trade>.
- 2 Tale of Parallel Integration Processes. A Gravity Analysis of EU Trade with Mediterranean and Central and Eastern European Countries. October 2005. Institute for the Study of Labor. – Bonn, 2005. – P. 14; Eurostat Statistical book. Euro-Mediterranean Statistics. 2006 Edition Eurostat. European Communities. – Luxembourg, 2007. – P. 62.
- 3 Prospects for Future Euro-Mediterranean Trade. CASE Network E-briefs № 07/2010. May 2010. – Warsaw, 2010 (сайт центра социальных и экономических исследований – http://www.case-research.eu/sites/default/files/publications/29362911_E-Brief_DeWulfMaliszewska_7_2010_0.pdf).
- 4 The Euro-Mediterranean Trade Relations. Munich Personal RePEc Archive Paper № 7085. – February 2008. – P. 2.
- 5 Eurostat Europe in figures. Eurostat Yearbook 2009. – Luxemburg, 2009. – P. 381.
- 6 Arab Maghreb: weak interregional trade// <http://www.ennaharonline.com/en/news/404.htm>.
- 7 Economic Integration in the Euro-Mediterranean Region. Final Report, September, 2009. http://trade.ec.europa.eu/doclib/docs/2009/october/tradoc_145214.pdf.
- 8 Study on different techniques to promote trade: traditional techniques, consumer protection, new techniques: e-commerce. May 2005. MEDA Programme of the European Commission (EC) – EuropeAid cooperation Office, P. 14 http://edz.bib.uni-mannheim.de/daten/edz-/gdb/05/euromed_gateway_trade_prom.pdf.